



Утверждены решением  
Совета директоров  
АО «СК «Сентрас Иншуранс»  
Протокол №44 от «10» июня 2021 г.

Согласованы решением  
Правления  
АО «СК «Сентрас Иншуранс»  
Протокол №29 от «10» июня 2021 г.

Раздел 1. Общие положения  
Раздел 2. Страхование  
Раздел 3. Объекты страхования  
Раздел 4. Страховые случаи  
Раздел 5. Порядок заключения договора страхования  
Раздел 6. Страховые суммы  
Раздел 7. Страховые премии  
Раздел 8. Сроки и условия выплаты Денежной страховой суммы  
Раздел 9. Условия прекращения Договора страхования  
Раздел 10. Права и обязанности сторон  
Раздел 11. Права выгодоприобретателя  
Раздел 12. Последствия нарушения условий договора страхования  
Раздел 13. Перечень документов, необходимых для получения страховой суммы  
Раздел 14. Порядок и условия осуществления страховых выплат  
Раздел 15. Основания для объявления Страховым случаем экологического ущерба  
Раздел 16. Порядок осуществления выплаты страховой суммы  
Раздел 17. Ответственность за неисполнение условий договора страхования

**ПС-10**

**Правила обязательного экологического страхования АО «СК «Сентрас Иншуранс»**

Данная редакция Правил Страхования вступает в действие с 1 июля 2021 года. Любые изменения и действие данной редакции Правил страхования, принятые в период действия настоящей редакции, утрачивают силу, за исключением случаев, когда в них предусмотрено иное.

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Бимагамбетова А.С.		03.06.2021

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Главный специалист 1 категории УКВ ДСВ	Антошкиев Р.А.		02.06.2021
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		02.06.2021

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Андеррайтер ОА ДА	Джумагулов Т.Э.		02.06.2021

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 2
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

## Мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер .....	3
2-бөлім. Негізгі ұғымдар.....	3
3-бөлім. Сақтандыру объектісі .....	4
4-бөлім. Сақтандыру жағдайы.....	4
5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	4
6-бөлім. Сақтандыру сомасы.....	5
7-бөлім. Сақтандыру сыйлықақысы .....	5
8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны .....	6
9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары.....	6
10-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	6
11-бөлім. Пайда алушының құқықтары.....	9
12-бөлім. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	9
13-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары.....	9
14-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері .....	10
15-бөлім. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы.....	11
16-бөлім. Дауларды шешу тәртібі .....	11
19-бөлім. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық .....	12

**Сақтандыру Ережелерінің осы редакциясы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді, Сақтандыру ережелерінің осы редакциясы күшіне енген кезде алдыңғы редакция өз күшін жоғалтады.**

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 3
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

**1.1.** Осы Міндетті экологиялық сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

**1.2.** Ереже талаптары бойынша бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Сентрас Иншуранс» «Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік Қоғамы бұдан әрі Сақтанушылар деп аталатын шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерімен айналысатын объектілердің иелерімен Міндетті экологиялық сақтандыру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасу арқылы міндетті экологиялық сақтандыруды жүзеге асырады.

**1.3.** Міндетті экологиялық сақтандыру сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және/немесе қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеуді мақсат етеді.

**1.4.** Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Шартта көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережедерде және Шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

**1.5.** Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезіндегі апаттың нәтижесінде табиғи ортаның құрам бөліктеріне келтірілген экологиялық залалды жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

**1.6.** Міндетті экологиялық сақтандырудың негізгі қағидааттары келесілер болып табылады:

1.6.1. шығындарды өтеу кепілдігі;

1.6.2. тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;

1.6.3. экологиялық залал келтірудің алдын алуды экономикалық ынталандыру

**1.7.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады.

**1.8.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін уәкілетті орган айқындайды. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

## 2-бөлім. Негізгі ұғымдар

**2.1.** Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**2.1.1. апат** - ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарындысы

**2.1.2. міндетті экологиялық сақтандыру** - апат салдарынан экологиялық залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік басталған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырылғандардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;

**2.1.3. міндетті экологиялық сақтандыру шарты** - Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында осы Ережеде айқындалған талаптармен жасалатын шарт;

**2.1.4. пайда алушы** - осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

**2.1.5. сақтандыру жағдайы** - Шарт басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

**2.1.6. сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 4
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

**2.1.7. сақтандыру сомасы** - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

**2.1.8. сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Пайда алушыға Шартта айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

**2.1.9. сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

**2.1.10. сақтандырушы** - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

**2.1.11. сақтандырылған** - өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

**2.1.12. сақтанушы** - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, Сақтандырушымен Шарт жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;

**2.1.13. үшінші тұлғалар** - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынастар субъектілері;

**2.1.14. уәкілетті орган** - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

**2.1.15. шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі**, - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндеті;

**2.1.16. шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі** – апат болған жағдайда соның салдарынан экологиялық залал келтірілуі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

### **3-бөлім. Сақтандыру объектісі**

**3.1.** Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген, апаттың салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндетіне байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

### **4-бөлім. Сақтандыру жағдайы**

**4.1.** Апаттың салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

**4.2.** Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.

**4.3.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан жағдайда, сақтанушы келтірген экологиялық залалды жою туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап сақтандыру жағдайы басталды деп есептеледі.

**4.4.** Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы осы Ереженің 5-бөлімінің 5.2-тармағының ережелерін ескере отырып, экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын негізге ала отырып айқындайды.

### **5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

**5.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру осы Заңға, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 5
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Бір объектінің екі және одан да көп иелері шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрін жүзеге асырған кезде міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру полисінде сақтандырылғандар ретінде объектінің барлық иелерін көрсете отырып, олардың кез келгенімен жасалады

**5.2.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында сақтандырылушы шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асырған кезде апаттың салдарынан келтірілген экологиялық залалдың салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

**5.3.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады

**5.4.** Сақтанушының өтініші міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

**5.5.** Өтініштің мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

**5.6.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады.

**5.7.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін

**5.8.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін электрондық нысанда өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді

**5.9.** Шарт бойынша дау оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

**5.10.** Сақтандыру полисі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында санамаланған талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.

**5.11.** Міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

## **6-бөлім. Сақтандыру сомасы.**

**6.1.** Сақтандыру сомасының мөлшері Шартта тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері кемінде төмендегіні құрауы керек:

**6.1.1.** Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен Шарт жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

**6.1.2.** Заңды тұлғамен Шарт жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 65000 еселенген айлық есептік көрсеткіш;

## **7-бөлім. Сақтандыру сыйлықақысы**

**7.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру шартындағы сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері осы Ережелердің 6-бөлімінің 6.1.1 және 6.1.2-тармақшаларында көзделген жағдайларда міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76-нан 2,65 пайызына дейін аспауға тиіс;

**7.1.2.** Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері Шартта белгіленеді.

**7.1.3.** Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 6
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

**7.1.4.** Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

### **8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

**8.1.** Міндетті экологиялық сақтандыру шарты осы Ережеге және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық залалды жоюға міндетті тұлғаларға қатысты қолданылады.

**8.2.** Шарт Шартта белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

**8.3.** Шарт ол күшіне енген күннен бастап кемінде **12 (Он екі) ай** қолданылады.

**8.4.** Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық Шартта өзгеше көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

### **9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

**9.1.** Шарт мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

**9.1.1.** Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;

**9.1.2.** Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

**9.1.3.** Сақтандырушының Шарт бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.

**9.2.** Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

**9.3.** Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде қайтаруға құқылы:

№ р/б	Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстайтын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1.	1 айға дейін, қоса алғанда	20
2.	1 айдан 2 айға дейін, қоса алғанда	30
3.	2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда	40
4.	3 айдан 4 айға дейін, қоса алғанда	50
5.	4 айдан 5 айға дейін, қоса алғанда	60
6.	5 айдан 6 айға дейін, қоса алғанда	70
7.	6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда	75
8.	7 айдан 8 айға дейін, қоса алғанда	80
9.	8 айдан 9 айға дейін, қоса алғанда	85
10.	9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	90
11.	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда	95
12.	11 айдан жоғары	100

### **10-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**10.1. Сақтанушы құқылы:**

**10.1.1** Сақтандырушыдан міндетті экологиялық сақтандырудың талаптарын, Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

**10.1.2.** апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

**10.1.3.** апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 7
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

10.1.4. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;

10.1.5. осы Ережелердің 19-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

10.1.6. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберуге;

10.1.7. осы Ережелерде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

## **10.2. Сақтанушы міндетті:**

10.2.1. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын, осы Ережелерге сәйкес шартқа енгізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

10.2.2. сақтандыру сыйлықақыларын Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

10.2.3. Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;

10.2.4. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

10.2.5. апат кезінде ықтимал экологиялық залалдың алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдану;

10.2.6. тиісті органдарға олардың құзыретін ескере отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер, уәкілетті орган) экологиялық залал келтіруге әкеп соққан апат туралы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;

10.2.7. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге міндетті.

## **10.3. Сақтандырушы құқылы:**

10.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген мәліметтерден басқа, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан осы Заңға сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

10.3.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін ескере отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;

10.3.3. сақтанушыдан және сақтандырылушыдан экологиялық залал келтіру тәуекелін бағалау үшін қажетті болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері және салдары туралы толық және дұрыс ақпарат алуға;

10.3.4. сақтандыру жағдайы басталуының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізуге;

10.3.5. апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың ауқымын бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

10.3.6. Сақтанушымен сақтандыру жағдайы басталғанға дейін және одан кейін жүзеге асыратын қоршаған ортаның және шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің жай-күйіне өз зерттеулерін жүргізуге;

10.3.7. осы Ережелердің 16-бөлімінде көзделген жағдайларда экологиялық залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;

10.3.8. осы Ережелердің 15-бөлімінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

## **10.4. Сақтандырушы міндетті:**

10.4.1. сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын құқықтар мен міндеттермен таныстыруға;

10.4.2. өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беруге;

10.4.3. Шарт жасалғаннан кейін Сақтанушыға сақтандыру Полисін беруге;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 8
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

10.4.4. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған кезде оны дереу тіркеуге  
10.4.5. сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша апат салдарынан болған экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны пайда алушыға таныстыруға ұсынуға;

10.4.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;

10.4.7. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтанушының (пайда алушының) экологиялық залалды жою мақсатында сақтандырушы өтеуге тиіс төлем мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

10.4.8. сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде апаттың салдарынан келтірілген экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

10.4.9. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

10.4.10. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда осы шешім қабылданған күннен бастап **10 (Он) жұмыс күні** ішінде Сақтанушыға бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін жолдауға.

10.4.11. сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге өтініш алған кезде;

10.4.12. сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

10.5. Шартта тараптардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10.6. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

**10.6.1.** сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберу;

**10.6.2.** сақтанушының міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша ақпаратты дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігі;

**10.6.3.** міндетті экологиялық сақтандыру шартын сақтанушы үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда сақтау;

**10.6.4.** сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төмендегілер үшін қажетті ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) электрондық нысанда (өтініш, хабарлама және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және сақтандырушыға жіберу мүмкіндігі:

**10.6.4.1.** мәліметтерді өзгерту, міндетті экологиялық сақтандыру шартын қайта ресімдеу;

**10.6.4.2.** міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

**10.6.4.3.** сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламалар;

**10.6.4.4.** келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізу;

**10.6.4.5.** сақтандыру төлемін алу.

10.7. Егер міндетті экологиялық сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан кезде осы сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған талаптарда сақтанушы жасаған болып есептеледі.

10.8. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы Заңда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін



«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 9
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша өзіне ұсынылған шарттарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растайды.

### **11-бөлім. Пайда алушының құқықтары.**

#### **11.1. Пайда алушы құқылы:**

**11.1.1.** Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

**11.1.2.** сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинау және оларды сақтандырушыға ұсынуға;

**11.1.3.** апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

**11.1.4.** апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

**11.1.5.** осы Ережелердің 19-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

**11.1.6.** өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу) жіберуге құқылы;

### **12-бөлім. Сақтандыру жағдайының басталуын және зиянның мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі**

**12.1.** Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

**12.1.1.** Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиация бағдарламасының көшірмесі;

**12.1.2.** сақтандыру жағдайы басталған кезде экологиялық залалды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтанушының шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, - олар болған кезде;

**12.1.3.** жекелеген жағдайларда - сақтанушыны сақтандыру жағдайы басталған кезде жауапты деп таныған сот шешімі.

**12.1.4.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

**12.1.5.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда бере алады

**12.1.6.** «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Жәбірленушіден қосымша басқа құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

**12.1.7.** Сақтанушы немесе экологиялық залалды, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

### **13-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен талаптары**

**13.1.** Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте сақтандыру төлемі туралы электрондық нысандағы талап өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынудан босатпайды

**13.2.** Сақтанушы немесе экологиялық залалды, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті өзге тұлға пайда алушы болып табылады;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 10
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

**13.3.** Сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнынан аспауға тиіс.

**13.4.** Сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнынан аспауға тиіс.

**13.5.** Сақтанушының (пайда алушының) жазбаша өтініші немесе нотариалды куәландырған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі апаттың салдарынан келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі жұмыстарды орындаған (орындайтын) және қызметтерді көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

**13.6.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

**13.7.** Сақтандырушы **сақтандыру** төлемін осы Ережелердің 14-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап **30 (Отыз) күн** ішінде төлейді.

**13.8.** Сақтандыру төлемінің мөлшеріне Пайда алушы дау айтқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 15-бөлімінің 15.7-кіші бөлімінде белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-біреуі дау айтпайтын бөлігінде дереу жүзеге асыруға міндетті.

**13.9.** Сақтандырушы сақтандыру төлемінің даулы бөлігін бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап не егер сот шешімді дереу орындауға жібермесе, осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап **3 (Үш) жұмыс күні** ішінде төлеуге тиіс.

**13.10.** Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

#### **14-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері**

14.1. Егер сақтандыру жағдайы төменде келтірілген сақтандыру жағдайларының салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

14.1.1. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

14.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Пайда алушының іс-әрекеттері.

14.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесі негіздер де болуы мүмкін:

14.2.1. сақтанушының экологиялық залал келтіруге кінәлі тұлғадан шығыстардың тиісті өтемін алуы;

14.2.2. осы Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

14.2.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

14.2.4. сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығыстарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

14.2.5. сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуде және келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын анықтауда кедергі келтіруі;

14.2.6. сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға кері талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүргізілген болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

14.3. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер ол Сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

14.4. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап **10 (Он) жұмыс күні** ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 11
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

14.5. Егер сақтандыру жағдайы төмендегілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

14.5.1. соғыс қимылдары, азамат соғысы, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

14.5.2. табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар.

14.6. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

### **15-бөлім. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы**

15.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының мынадай жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) кері талап қою құқығы бар:

15.1.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауы;

15.1.2. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

15.1.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы.

15.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде сақтанушының экологиялық залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады, оны жою құнын сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес төлейді.

### **16-бөлім. Дауларды шешу тәртібі**

16.1. Тараптардың міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі қатынастарынан туындайтын даулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

### **17-бөлім. Міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

17.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (пайда алушы) құқылы:

17.1.1. талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не

17.1.2. міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге.

17.2. Сақтандырушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып қарайды және жазбаша жауап береді.

17.3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

### **18-бөлім. Ақпараттық өзара іс-қимыл**

18.1. Уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері, прокуратура органдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар апат салдарынан экологиялық залал келтірілген жағдайлар және оның салдары туралы ақпаратқа ие болса, сақтандырушы, сақтанушы (пайда алушы), сақтандыру омбудсманы өтініш жасаған кезде оларға осы ақпаратты беруге міндетті.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-10 Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері	2021 жылғы 10 Маусым № 4 басылым	12 беттің 12
		2019 жылғы «01» қаңтардағы № 3 басылымның орнына	

**19-бөлім. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы  
заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

19.1. Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасын бұзу  
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

17.1. В случае возникновения спорных вопросов (включая вопросы, связанные с исполнением обязательств по договору) стороны обязуются решать их путем переговоров. В случае невозможности урегулирования спора путем переговоров спор передается на рассмотрение в арбитражный суд.

17.2. Стороны обязуются соблюдать конфиденциальность информации, полученной в ходе исполнения обязательств по договору, и не разглашать ее третьим лицам.

17.3. В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по договору одна из сторон несет ответственность перед другой стороной в соответствии с условиями договора.

17.4. Настоящий договор вступает в силу с момента подписания обеими сторонами. Договор составлен в двух экземплярах, имеющих равную юридическую силу.

17.5. Настоящий договор подписан и скреплен печатью и подписями сторон в городе Алматы, Республики Казахстан, в 2014 году.

17.6. Настоящий договор составлен в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

17.7. Настоящий договор является неотъемлемой частью пакета документов, прилагаемых к договору.

17.8. Настоящий договор действует до момента расторжения или аннулирования.



Аннотация  
Аннотация  
Аннотация

Джумагулов Т.Э.

Handwritten signature in blue ink.

12-листа (об) 10.06.2014.